

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасында Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 мамыр N 626

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

Даниал Кенжетайұлы Ахметовке Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан
Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі
ынтымақтастық пен өзара көмек туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі,

достық қатынастарды, оның ішінде кеден ісі саласындағы ынтымақтастық арқылы да дамытуға ниет білдіре отырып,

кеден қызметтерінің ынтымақтастығы жолымен Тараптардың арасындағы

жолаушылар мен жүк қатынасын жеңілдетуге және жеделдетуге ықпал етуге ұмтыла отырып,

кедендік құқық бұзушылықтардың Тараптар мемлекеттерінің экономикалық

мүдделеріне залал келтіретіндігін ескере отырып,
кедендік заңнаманы сақтау мен кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы
күрес Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің ынтымақтастығы жағдайында
неғұрлым табысты жүзеге асырылатындығына көз жеткізіп,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап Айқындама

Осы Келісімнің мақсаты үшін қолданылатын терминдер мыналарды
білдіреді:

"кедендік заңнама" - Тараптардың жолаушылардың тауарларын, қол жүгін және
жол жүгін, халықаралық почта жөнелтілімдерін, валюталық және басқа да
құндылықтарын әкелудің, әкетудің және олардың транзитінің, кедендік баждарды,
алымдарды және басқа да төлемдерді алудың, кедендік төлемдер бойынша жеңілдік
берудің, тыйым салулар мен шектеулер орнатудың, сондай-ақ тауарлардың Тараптар
мемлекеттерінің кедендік шекарасы арқылы өтуін бақылаудың тәртібі реттейтін
нормативтік құқықтық кесімдерінің жиынтығы;

"кедендік құқық бұзушылық" - кедендік заңнаманы бұзу немесе бұзуға талпыну;

"кеден қызметтері" - Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары;

"тұлға" - кез келген жеке немесе заңды тұлға;

"есірткі құралдары" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге
БҰҰ-ның 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы Бірыңғай Конвенциясының
тізімдеріне, сондай-ақ кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге БҰҰ-ның
1988 жылғы Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы
Конвенциясының тізімдеріне енгізілген заттар;

"психотроптық заттар" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге
БҰҰ-ның 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы тізімдеріне енгізілген заттар;

"бақыланатын жеткізілім" - құзыретті органдардың рұқсатымен және бақылауымен
есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысты
адамдарды анықтау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің аумағына есірткі
құралдарының, психотроптық заттардың легін әкелуге, әкетуге немесе олардың
транзитіне жол берілетін әдіс.

2-бап

Келісімнің қолданылу аясы

Тараптар осы Келісімнің негізінде және кеден қызметтері арқылы, өздерінің құзыреттерінің және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын сақтаудың ш е н б е р і н д е :

- а) Тараптар мемлекеттерінің арасындағы жолаушылар мен жүк қатынастарын, сондай-ақ почта жөнелтілімдерін кедендік бақылауды жетілдіру;
- б) кедендік құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және тергеу;
- в) Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес кедендік баждардың, алымдардың, басқа да төлемдер мен салықтардың алынуын, сондай-ақ кедендік жеңілдіктердің қолданылуын қамтамасыз ету;
- г) кедендік ресімдеу рәсімдерін оңайлату мақсатында ынтымақтасады.

3-бап

Түпнұсқалығын растау

Бір Тарап мемлекеті кеден қызметінің сұрау салуы бойынша екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі бұл кеден қызметіне:

- а) сұрау салушы Тарап мемлекетінің кеден қызметіне ұсынылған жүк декларациясына қатысты берілген ресми құжаттардың түпнұсқалылығына;
- б) тауарлардың сұрау салынған Тарап мемлекетінің аумағынан сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағына әкелінуінің заңдылығына;
- в) тауарлардың сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағынан сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағына әкелінуінің заңдылығына қатысты ақпаратты береді.

4-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісімге сәйкес жәрдемдесу жөніндегі сұрау салулар жазбаша нысанда жасалады. Сұрау салуларға оларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар қоса беріледі. Кешіктіруге болмайтын жағдайларда ауызша сұрау салулар қабылдануы мүмкін, алайда олар тез арада жазбаша нысанда расталуы тиіс.

2. Мұндай сұрау салулар мынадай деректерді:
- а) сұрау салушы кеден қызметін;
 - б) сұрау салынатын іс-әрекетті;
 - в) сұрау салудың мән-жайы мен негіздемесін;
 - г) істің мәні мен оған қатысты жағдаяттың қысқаша сипаттамасын;
 - д) іске қатысы бар заңдарды, ережелерді және басқа да заңнамалық кесімдерді;
 - е) сұрау салудың объектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар туралы мүмкіндігінше неғұрлым дәл және түбегейлі мәліметтерді қамтуы тиіс.
3. Сұрау салу орыс тілінде не орыс тіліне ресми аудармасы қоса беріле отырып сұрау салынатын Тарап мемлекетінің мемлекеттік тілінде жасалады.
4. Қажет болған жағдайда сұрау салынатын Тарап мемлекетінің кеден қызметі сұрау салудың түсіндірмесін немесе оған толықтыруды сұратуы мүмкін.

5-бап

Сұрау салуды орындау

1. Сұрау салу бойынша көрсетілетін кез келген жәрдем сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
2. Бір Тарап мемлекеті кеден қызметінің сұрау салуы бойынша екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі өз құзыретінің шеңберінде тергеу сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағында жүргізілетін құқық бұзушылықтарға қатысы бар жағдайларды тексеруді немесе анықтауды жүргізеді.
3. Құжаттарды беру сұрау салуды орындау түрлерінің бірі болып табылады. Құжаттардың түпнұсқалары расталған көшірмелерді ұсыну олардың заңды күшінің шарттары бойынша жеткіліксіз болатын жағдайларда сұратылады. Алғашқы құжаттардың түпнұсқалары алғашқы мүмкіндік туындаған кезде қайтарылады.
4. Сұрау салатын Тарап мемлекетінің кеден қызметі өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес сұрау салуды орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.
5. Егер сұрау салынатын Тарап мемлекетінің кеден қызметі орындау өзінің құзыретіне кірмейтін сұрау салуды алса, ол сұрау салынатын Тараптың тиісті органына береді және сұрау салушы Тарап мемлекетінің кеден қызметіне ол туралы, сондай-ақ бұл сұрау салуды орындаудың нәтижелері туралы хабарлайды.
6. Егер сұрау салуды орындаудан бас тартылса, сұрау салынатын Тарап мемлекетінің кеден қызметі бас тартудың себептерін көрсете отырып, ол туралы сұрау

салушы Тарап мемлекетінің кеден қызметіне жазбаша түрде хабарлайды. Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің кеден қызметі мұндай сұрау салуда көрсетілген істерді одан әрі жүргізу үшін пайдасы болуы мүмкін барлық бар ақпаратты береді.

6-бап

Ақпараттар мен құжаттарды пайдалану

1. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған ақпараттар, құжаттар және басқа да мәліметтер тек осы Келісімнің 1-бабында айқындалған мақсаттар үшін ғана п а й д а л а н ы л а д ы .

2. Ақпараттар, құжаттар және басқа да мәліметтер соттық немесе әкімшіліктік талқылау кезінде айғақ ретінде пайдалануды қоса алғанда өзге де мақсаттарға тек оларды ұсынған мемлекет кеден қызметінің жазбаша келісіммен ғана және осы кеден қызметі белгілеген кез келген шектеулердің сақталуы шартымен пайдаланылады.

7-бап

Құпиялылық

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған кез келген ақпараттарға, құжаттарға немесе мәліметтерге сұрау салушы Тарап мемлекетінде оның өз аумағында алынған осы мемлекеттің осындай ақпараттарынікі, құжаттарынікі немесе мәліметтерінікі сияқты осындай жария етуден қорғау дәрежесі беріледі.

8-бап

Жәрдемдесу жөніндегі жағдайдан алып тастау

1. Егер бір Тарап мемлекетінің кеден қызметі сұрау салынатын жәрдемдесу өз мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне залал

келтіруі не кез келген мемлекеттік немесе жеке кәсіпорынның заңды коммерциялық мүдделеріне залал келтіруі мүмкін не сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағында жүргізілетін талқылауға бөгет жасауы мүмкін деп санаса, ол жәрдем көрсетуден бас тарта не оны белгілі бір шарттарды немесе талаптарды сақтау жағдайында көрсете алады.

2. Егер бір Тарап мемлекетінің кеден қызметі өзі осындай сұрау салынған жағдайда екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметіне көрсете алмаған жәрдемдесу туралы өтінім жасаса, өзінің сұрау салуында оған назар аударады. Мұндай сұрау салуды орындау тараптардың сұрау салынатын кеден қызметінің еркіне беріледі.

9-бап

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымының алдын алу, тергеу және жолын кесу жөніндегі іс-қимылдарды жандандыру мақсатында, өз бастамашылығы бойынша және мүмкіндігінше қысқа мерзімде бір-біріне:

а) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына тартылғандығы мәлім немесе ол туралы күдік білдірілген адамдар туралы;

б) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы үшін пайдаланылатындығы мәлім немесе ол туралы күдік білдірілген жер беті, су, әуе немесе басқа да көлік құралдары, контейнерлер мен жіберілімдер туралы мәліметтерді хабарлайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері өз бастамашылығы бойынша бір-біріне есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымын анықтаудың өздері қолданатын тәсілдері туралы, сондай-ақ контрабандаға қарсы тиімді күрестің жаңа әдістері туралы барлық қолда бар ақпараттарды береді.

3. Егер Тараптар өзара келісім бойынша есірткі құралдарының, психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысы бар адамдарды анықтау мақсатында бақыланатын жеткізілім әдісін пайдалану туралы шешім қабылдаған жағдайда, Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері өз мемлекеттерінің ішкі заңнамасына сәйкес өз мүмкіндіктері мен құзыреттерінің шеңберінде бұл саладағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады.

4. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өндіру үшін пайдаланылатын заттарға осы баптың қолданылуын кеңейте

10-бап

Кедендік ресмиліктерді оңайлату

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері өзара келісім бойынша тауарлардың транзитін қоса алғанда, екі мемлекеттің арасындағы жолаушылар мен жүк қатынасын жеңілдету және жеделдету мақсатында кедендік ресімдеуді оңайлату жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды.

Тауарлар мен көлік құралдарының қозғалысы өзара уағдаластық бойынша орнатылған өткізу бекеттері арқылы жүзеге асырылады.

2. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері бір-бірінен кедендік қамтамасыз етулер мен кедендік құжаттарды танитын болады.

11-бап

Тәжірибе алмасу

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері өзара түсіністікке қол жеткізу мақсатында мынадай:

- а) кедендік заңнама;
- б) тауарларды, жолаушыларды және почта жөнелтілімдерін кедендік бақылауды ұйымдастыру және қолданылатын әдістер;
- в) кедендік бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану;

г) контрабандалық іс-әрекеттер, олардың түрлері, жасырып қалу

құралдары, құқық бұзушылықтарды жасаудың жаңа әдістері, аңғару әдістері мен олардың нәтижелері туралы ақпараттар;

д) өзара мүддені білдіретін басқа да мәселелер салаларындағы өз қызметінің тәжірибесімен алмасады.

2. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері кеден ісінің:

а) өзара мүддені білдіретін жағдайларда, оның ішінде кедендік бақылаудың техникалық құралдарымен, компьютерлік техникамен және басқа да қазіргі заманғы ғылыми-техникалық құралдармен танысу мақсатында кеден

қызметтерінің қызметкерлері мен сарапшыларды алмасу;

б) кеден қызметтерінің қызметкерлерін кәсіби оқыту;

в) кеден қызметіне қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық мәліметтерді алмасу салаларында ынтымақтасады.

12-бап

Шығыстар

1. Талаптар мемлекеттерінің кеден қызметтері осы Келісімнің ережелеріне сәйкес сұрау салуды орындау кезінде жүргізілген шығыстарды, куәлардың, оның ішінде көліктік, сондай-ақ кеден қызметінде жұмыс істемейтін сарапшылар мен аудармашылардың келуіне байланысты шығыстарды қоспағанда, осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты шығыстарды өтеу туралы талап қоймайды.

2. Осы Келісімнің 11-бабының ережелерін орындауға байланысты шығыстарды өтеудің тәртібі Тараптар кеден қызметтерінің арасында әр жағдайда жеке айтылатын б о л а д ы .

13-бап

Даулы мәселелерді шешу

Тараптардың арасында пайда болатын, осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге байланысты барлық даулы мәселелер консультациялар және келіссөздер жолымен ш е ш і л е д і .

14-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 15-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді. Осы Келісім Тараптардың өздері жасаған басқа да

халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

15-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша құлақтандыру алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде бірі кезекті бес жылдық мерзім аяқталғанға дейін алты ай бұрын екінші Тарапқа өзінің оның қолданылуын тоқтатпақ ниеті туралы жазбаша құлақтандыру жолдамаса, келесі бес жылға автоматты түрде ұзартылады.

2001 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түркімен және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей заңды күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түркіменстан
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

